Республика күні 25 қазан

ЕГЕМЕН ЕЛІМ — ҚАЗАҚСТАН!

АЛАТАУ айғағы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alataуaraiy.kz
www.alataуaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 118 (567) // 24 қазан // сенбі // 2026 жыл



ЕЛДІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Алматы облысының әкімі Шыңғыс ӘРІНОВТІҢ Республика күніне арналған құттықтауы

Құрметті қауым!
Қадірменді облыс тұрғындары!

Баршаңызды ұлттық рухымыздың биік тұғыры, ұлық мерекеміз – Республика күнімен құттықтаймын!

Дана халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген терең мағыналы сөз бар. 25 қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияның қабылдануы – халқымыздың тарихи таңдауын айқындаған, дербестігін төрткүл дүниеге жария еткен айрықша сәт.

Елдігіміздің алтын діңгегі болған осы қастерлі күннің маңызын ескере отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күнін атап өту дәстүрін қайта жаңғыртты, ұлттық мереке мәртебесін берді.

Биыл мемлекетіміз үшін тағы бір айтулы белес – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 35 жылдығы.

Шын мәнінде, осы бір ширек ғасырдан астам уақыт – азаттығымызды бекемдеп, еңсемізді тіктеген кезең болды. Сындарлы жылдар ішінде ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, келешек ұрпаққа кемел Отан қалдыру жолында маңызды міндеттер жүзеге асырылуда.

Осынау ұлы көште Алматы облысының да өзіндік өрелі үлесі бар. Өңіріміздің әлеуеті артып, экономиканы нығайту бағытында толайым нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Бүгінгі жетістіктеріміз – бағындырар еңселі асуларымыздың бастауы ғана. Алдымызда халықтың тұрмысын одан әрі жақсартып, елімізді озық мемлекеттер қатарына қосу жоспары тұр. Бұл – ұлт тағдыры мен келер буын алдындағы жауапкершілік.

Қымбатты жерлестер!

Бірлігіміз бекем болса, біз бағындырмайтын биік, алынбайтын қамал жоқ. Еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

Әр шаңырақта шаттық, мемлекетімізде тыныштық пен тұрақтылық арта берсін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, келешегіміз кемел болғай!

Мереке құтты болсын!

● МАРАПАТ

МЕРЕЙ ТАСЫТҚАН МЕРЕКЕ



Сүретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Республика күні қарсаңында мұғалім, дәрігер, жұмысшы маманы және өзге де сала үздіктерінен құралған, өңір дамуына елеулі үлес қосқан 35 азамат мемлекеттік марапатқа ие болды. Оларға «Парасат», «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медалі, сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет ардагері» атағы берілді. Оның ішінде қос бірдей азамат мемлекеттік награданы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан алды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Өзге марапатты Қонаев қаласында өткен шарада облыс әкімі Шыңғыс Әрінов табыстап, жиналған қауымды Республика күнімен құттықтады. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күнін атап өту дәстүрін қайта жаңғыртып, ұлттық мереке мәртебесін бергенін, мерейлі мерекеміздің шуағына бірқатар облыс азаматтары да бөленіп отырғанын айтып өтті. Сондай-ақ биыл мемлекетіміз үшін тағы бір айтулы белес – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 35 жылдығы екеніне тоқталып, еліміздің гүлденуі мен облысқа сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматты марапаттады.

Марапатқа ие болғандардың бірі – білім саласында ұзақ жыл еңбек еткен ұстаз Гүлнар Асқарбаева. «Ұлттық мереке қарсаңында «Шапағат» медалімен марапатталдым. Бұл мен үшін – үлкен жауапкершілік әрі жоғары мәртебе. Мұның артында тұтас бір ұжымның үлкен еңбегі мен ізденісі жатыр. Тынбай істеген жұмысың бағаланғанда, қанаттанып, ұлы істерді атқаруға деген талпынысың оянады. Сондықтан бұл сый-құрметті иеленгеніме өте қуаныштымын. Осы орайда барша халықты ұлттық мерекемен құттықтаймын! Бейбітшілігіміз бен егемендігіміз мәңгі болсын!» – деді ұстаз.

«Ерен еңбегі үшін» медалін еншілеген Тәңірберген Қасымберкебаев та жылы лебізін білдірді.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, 40 жыл бойы мемлекеттік қызметте жұмыс істедім. Одан бөлек қоғамдық істерге де үлес қосып, әлеуметтік сала, тілдерді дамыту мәселесі мен жастар тәрбиесіне атсалыстық. Қазіргі кезде ардагерлер және қоғамдық кеңестерінің мүшесімін. Көп жылғы еңбегімді ескеріп, марапатқа лайық санаған Президентімізге, облыс әкімдігіне алғыс айтамын. Әсіресе бұл медальді айтулы мереке қарсаңында алып тұрғаным ерекше қуантады. Себебі Республика күні – тәуелсіздігіміздің бастауы, егемендігіміздің іргетасы», – деді Тәңірберген Қасымақынұлы.

Айта кетейік, Республика күні аясында өңірде 200-ден астам іс-шара өтеді. Әр аудан, қалада зияткерлік ойындар және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, спорт жарыстары мен турнирлер, концерттер мен көрмелер, сенбіліктер мен қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылып жатыр. Бірқатар елдімекенде жаңа әлеуметтік нысандар ашылып, тұрғындардың игілігіне бағытталған жобалар іске қосылды. Шаралар легі алдағы күндері де жалғасын табады.

Қонаев қаласы



2 бет

Қос нысан – қос қуаныш



4 бет

Егемендік – ең басты құндылық

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

ІССАПАР

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫН АЛАДЫ



Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс жұмыс сапарымен Алматы облысына келіп, Қонаев қаласының тұрғындарымен кездесті. Министрлік тарапынан сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Отын-энергетика кешеніндегі қазіргі жағдай мен өңірді газдандыру мәселесіне тоқталды.

● Ерзат АСЫЛ ———

Вице-министрдің айтуынша, өткен жылы аймақ 5,3 млрд кВтсағ электр энергиясын өндіріп, 10,8 млрд кВтсағ электр энергиясын тұтынған. Облыстың электр мен жылу энергиясына деген қажеттілігін қуаты 664 МВт болатын Қапшағай және Мойнақ су электр стансалары қамтамасыз етеді.

Жиында вице-министр облыс аумағында электр қуатын арттыруға бағытталған бірқатар жобаға да тоқталып өтті. «2026 жылы Алатау қаласындағы бес жобаны іске асыру үшін ҚР Президентінің бастамаларына арналған резервтен 19,4 миллиард теңге бөлінді. «Ынтымақ» шағынауданындағы 110/10 кВ Көкпа-1 қосалқы стансасын қайта жаңартуға 18 миллиард теңге, «Заречный» шағынауданындағы электрмен жабдықтау желілерін қайта жаңарту жобасына 98,4 миллион теңге қаржы қарастырылды. Мұнан өзге «Жаңаталап», «Қоянқұс» шағынаудандарындағы электрмен жабдықтау желілері мен «Жетіген» шағынауданындағы ыстық су қазандығын қайта жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қоса инфрақұрылымды дамыту қорынан қосымша 10 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаржыға Алатау қаласындағы Арна индустриялық аймағы мен Қонаев қаласындағы Көкшіл қосалқы стансасы салынады. Алматы облысы – жаңартылатын энергия қуаты бойынша елімізде төртінші орында. Бүгінде аймақта 27 нысан 376,3 МВт электр өндіреді. 2031 жылдың соңына дейін қуаты 246,24 МВт болатын 18 нысан салу жоспарлануда», – деді Бақытжан Нәссенұлы.

Жиында вице-министр облыс аумағын көгілдір отынмен қамту көрсеткішіне де тоқталды. Бүгінгі таңда газдандыру деңгейі 77,8 пайызды құрайды немесе шамамен 1,2 млн тұрғын көгілдір отынмен қамтылған. Ал 2027-2028 жылдарға екі жаңа жобаны іске асыруға 36,7 миллиард теңге бөлінген. Оның ішінде 25,2 млрд теңге құрайтын Шелек-Кеген-Нарынқол магистральдық газ құбырының құрылысы және 5,7 млрд теңге қаржы қарастырылған Қонаев қаласына қарасты Жаңа Іле автоматты газ тарату стансасының құрылысы сынды маңызды жобалар бар. Сондай-ақ Бақытжан Нәссенұлы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отынын жеткізу жайын түсіндірді. Алматы облысының шаруаларына көктемгі дала жұмыстары үшін 1,4 мың тонна дизель отынын беру көзделгенін, оның бүгінде 1,1 мың тоннасы немесе жалпы көлемнің 78 пайызы жөнелтілгенін жеткізді.

Кездесуде сұйытылған мұнай-газ сату жайы да сөз болды. Бұл бағытта жергілікті жанармай құю стансаларында бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін азаматтардың шағымдарына жедел жауап беру үшін облыстық және қалалық әкімдіктер жанындағы аймақтық жанармай штабтары іске қосылған. Қазір бәсекелестікті қорғау және дамыту, экономикалық тергеу, мемлекеттік кірістер, табиғи монополияларды реттеу және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі аумақтық департаменттердің қатысуымен тиісті шаралар жүзеге асып жатыр.

Басқосуда жиналған қауым өзекті мәселелерді ортаға салып, вице-министрге ұсыныстарын жеткізді. Бірқатар өңір тұрғындары электр энергиясының қуатын арттыруды сұрады. Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс пен облыстық энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрлан Өмірханов кездесуде көтерілген мәселелер хаттамаға енгізіліп, заң аясында тиісті шаралар қабылданатынын айтты.

– Біз мәселелерді уақытылы шешу үшін бар күшімізді саламыз. Сонымен бірге «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «Е-өтініш» электрондық жүйесі құрылғанын атап айтқым келеді. Бұл – азаматтардың өтініштерін қабылдауға және өңдеуге арналған бірыңғай платформа. Осы жүйе арқылы сұрақтар жолдай аласыздар, – деді кездесуді түйіндеген Бақытжан Нәссенұлы.

Есептік кездесуден кейін вице-министр азаматтарды жеке қабылдап, тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Қонаев қаласы

ТӘРБИЕ

ЖАС КӨШБАСШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Іле ауданы М.Түймебаев ауылындағы келешек мектебінде «Мектеп парламенті – жас көшбасшылар мектебі» тақырыбында кездесу өтті. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, өңірдің барлық аудандары мен қалаларынан мектеп парламенттерінің президенттері, белсенді оқушылар қатысты.

● Құралбек СӘБИТОВ ——

Кездесудің басты ерекшелігі – оқушылардың өздерін толғандырған мәселелерді облыс басшылығына тікелей жеткізіп, ойларын ашық айтуына мүмкіндік берілуі. Жастар білім беру ордасындағы өзекті мәселелерді талқылап қана қоймай, қоғамға пайдалы әлеуметтік жобалар мен экологиялық бастамаларын да ортаға салды. Мұндай жүздесулер жас буынның азаматтық ұстанымын қалыптастырып, ел өміріне белсенді араласуына жол ашады.

Бүгінде облыста мектептегі өзін-өзі басқару жүйесіне қызығушылық артып келеді. Қазіргі таңда өңірде осындай ұйымдардың саны 397-ге жетіп, олардың қызметіне 33,6 мыңнан астам оқушы тартылған. Бұл – оқушылардың мектеп өміріне араласып қана қоймай, ортақ іске жауапкершілікпен қарауға бастама көтеріп, оны жүзеге асыруға ұмтылып келе жатқанының көрінісі. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Ғани Айдарұлы мектеп парламенттерінің жұмысына тоқталып, жас көшбасшылардың қоғамдағы орнына айрықша мән берді.

– Мектеп тек академиялық білім алатын орын емес. Бұл – елге қызмет ететін азаматтар қалыптасатын, болашақ көшбасшылар тәрбиеленетін орта. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білімді, ойлы әрі жауапкершілігі жоғары жастардың ел дамуы үшін маңызы зор екенін үнемі айтып келеді. Мектеп парламентінің президенті болу – үлкен жауапкершілік. Оның қызметі мектепті жақсартуға, оқушылардың бастамаларын қолдауға бағытталады. Армандаудан қорықпаңдар, жаңа идея ұсынып, өз жобаларың үшін жауапкершілік алыңдар, – деді ол.

Оқушылар өз ұсыныстарында қоршаған ортаны қорғау мәселесін кеңінен қозғады. Жас белсенділер «Таза Қазақстан» акциясына қатысуды жандандыру, мектептерде қоқысты бөлек жинау мәдениетін қалыптастыру, экологиялық челлендждер ұйымдастыру және мектеп аумағын көгалдандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу жөнінде ойларын ортаға салды. Олардың пікірінше, табиғатты аялау үлкен науқандармен ғана шектелмей, әр адамның күнделікті дағдысына айналуы керек. Сонымен қатар оқушылар кітап оқу мәдениетін дамытуға басымдық берілу керектігін де алға тартты. «Оқитын ұлт» жобасы аясында мектептердегі кітап клубтарының жұмысын күшейту, оқылған кітаптарды өзгелер де пайдалана алатындай арнайы орындарға қалдыру бастамасы ұсынылды. Бұл арқылы балалардың кітапқа қызығушылығын арттырып, өзара білім бөлісуіне мүмкіндік жасау көзделеді.

Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мәди Ахметов те жастардың бастамаларын қолдаудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі жас буын үшін білімін жетілдіруге, кәсіби тұрғыдан қалыптасуға және қоғамдық жобаларға қатысуға мүмкіндік мол.

– Қазір жастарға облыстық және республикалық гранттардан бастап, халықаралық тағылымдамалар мен түрлі білім беру жобаларына дейін көптеген мүмкіндік ұсынылып отыр. Біздің басты міндетіміз – әрқайсының қабілетіңді танып, оны жүзеге асыруға жағдай жасау. Мектеп парламенттерінің президенттері оқушылар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы байланысты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Облыстағы жастар орталықтары әлеуметтік жобаларың мен волонтерлік бастамаларыңа қолдау көрсетуге дайын. Өзгерісті бірге бастайық, – деді басқарма басшысы.

Жүздесу барысында оқушылардың ел басқару жүйесіне деген қызығушылығы да байқалды. Бердібек Соқпақбаев атындағы мектептің 11-сынып оқушысы облыс басшылығының жұмыс кестесі мен күн тәртібі туралы сауал қойды. Жасөспірімнің қызығушылығын құптаған Ғани Айдарұлы жұмыс уақытын ұйымдастыру, күнделікті міндеттерді жоспарлау жөніндегі сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ белсенді оқушыларды облыс әкімдігіне арнайы экскурсияға шақырды. Мұндағы мақсат – өскелең ұрпаққа өңірлік деңгейдегі маңызды шешімдердің қалай қабылданатынын іс жүзінде таныстыру. Кездесуде мамандық таңдау мен жеке дамудың маңызы да назардан тыс қалмады. Қазіргі таңда еңбек нарығы мен кәсіби талаптар жылдам өзгеріп жатқандықтан, жасөспірімдердің өз қабілетін ерте танып, дұрыс бағыт таңдауына көмектесу өзекті мәселеге айналған. Осы орайда педагог, кәсіби бағдар беруші Омарбек Қошқымбайұлы тәжірибесімен бөлісіп, жастардың өз жолын табуына қатысты кеңесін айтты.

– Көшбасшылық ең алдымен адамның өзін тануынан басталады. Талантты жастарды көп кездестірдім. Табыстың басты сыры – ішкі қалауыңды дер кезінде түсініп, жаның сүйетін істі таңдай білу. Өз жолыңды іздеу барысында қателесуден қорықпа. Қабілетіңді дамытып, сыни ойлауды үйрен, ұжыммен жұмыс істеуге дағдылан. Сендердің алдарыңда көптеген мүмкіндік ашық. Мемлекет пен өңір тарапынан да қолдау бар. Ең бастысы – таңдаған ісіңе шын берілу, нақты мақсат қойып, күн сайын өзіңді жетілдіруге ұмтылу, – деді ол.

Еркін пікір алмасу барысында оқушылар өздері әзірлеген әлеуметтік жобаларын да таныстырды. Атап айтқанда, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы ұсыныстар айтылды. Жас белсенділер мектептегі жайлы әрі қауіпсіз ортаны қалыптастыруға, оқушылардың бір-біріне құрметпен қарауына және бос уақытты тиімді ұйымдастыруға қатысты ойларымен бөлісті.

Жүздесудің соңында қатысушылар «Атамекен» әнін орындап, туған жерге деген сүйіспеншілік пен ел бірлігін ұлықтаған ән кештің мазмұнын айшықтай түсті. Басқосу естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Іле ауданында өткен бұл кездесу жас ұрпақтың қоғамдық белсенділігін арттыруға, олардың бастамаларын қолдауға және кәсіби әрі тұлғалық дамуына жол ашуға бағытталған маңызды қадам болды. Ең бастысы, оқушылар өз ойының ескерілетінін сезініп, ортақ іске араласудың жауапкершілігін ұғынды. Бүгін мектеп қабырғасында бастама көтеріп жүрген жас көшбасшылардың ертең ел өміріне белсенді араласар азамат болып қалыптасуына осындай ашық әңгімелердің ықпалы зор.

Іле ауданы

БӘРЕКЕЛДІ!

Қос нысан – қос қуаныш



Жамбыл ауданының Мыңбаев және Жамбыл ауылдарында ветеринарлық қосындар іске қосылды. Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, облыстық ветеринариялық басқарма басшысы Бауыржан Дәрібаев, аудан әкімінің орынбасарлары Ықылас Амалбек пен Ақниет Тұматаев, жергілікті тұрғындар қатысты.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ ——

Мыңбаев ауылындағы ветеринарлық қосынның ашылуында облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы жиналған жұртшылықты құттықтады. Ол ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің 2-форумында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің қолдауымен жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Осы жылы облыста 47 ветеринариялық қосынның құрылысы жүріп жатқанын, Жамбыл ауданында соның бесеуінің құрылысы аяқталғанын жеткізді.

– Жаңа пункт ветеринариялық іс-шаралар жүргізу мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға зор мүмкіндік береді. Саланы дамыту жұмыстары кезең-кезеңмен атқарылуда. Бұл жұмыс алдағы жылы да жалғасады. Ауылдық жерлерді заманауи ветеринариялық нысандармен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам өңірдегі тұрақты эпизоотиялық бақылауды қамтамасыз етеді, – деді Бақытнұр Бақытұлы.

Берекелі іске Мыңбаев ауылдық округінің ардагерлер алқасының төрағасы Сағи Қойшыбаев бата берді. Жаңа нысанның ашылу лентасы қиылып, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. Құрметті қонақтар мекеме ішін аралап көрді. Мұнда 8 маман жұмыс істейді. Бұған дейін олар ауылдық әкімшілік ғимаратының бөлмесінде орналасқан еді. Енді, міне, жұмыс істеуге барынша жағдай жасалған жайлы жұмыс орнына көшті. Олардың жүзінен қуаныш лебі есіп, өз міндеттеріне деген жауапкершіліктері де арта түскені аңғарылды. Ауыл тұрғыны, еңбек ардагері Әбілхан Өтепұлы сала мамандарының жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіндік жасалғаны үшін өңір басшыларына ризашылығын білдірді.

Дәл осындай қуанышты сәт Жамбыл ауылында да болды. Мұнда да модулды ветеринариялық қосын салтанатты жағдайда ашылды. Жиналған жұртшылықты облыстық ветеринариялық басқарма басшысы Бауыржан Дәрібаев құттықтап, Республика күні қарсаңында болып жатқан жақсылықтарды, саланың даму барысын тілге тиек етті. Ауыл ақсақалдарының ақ батасымен нысанның лентасы қиылды. Мерекелік шара әжелердің шашуымен, аудандық «Сүйінбай сазы» ансамблінің ән-жырына ұласты.

Облыстық ветеринариялық басқарма басшысы Бауыржан Темірғалиұлы: «Биыл республикалық бюджеттен Алматы облысы үшін 47 ветпункт пен 26 мал қорымының құрылысына қаражат бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Келесі жылы тағы да осындай 47 қосын мен 26 мал қорымының құрылысы қолға алынады. Сөйтіп 2027 жылы ауылдық округтерді ветеринариялық ғимаратпен қамту 100 пайызға жеткізіледі. Сонымен қатар салаға былтыр облыс әкімінің қолдауымен 71 жаңа автокөлік алынып, ауылдық округтердегі қосын меңгерушілеріне тапсырылды. Осылайша ветеринарлық қосындар автокөліктері 70 пайызға жақарды. Алдағы жылы бұл көрсеткішті де 100 пайызға жеткізу жоспарда бар», – деді.

Жамбыл ауылдық округінде төрт елдімекен бар. Ауыл халқы үшін жасалып жатқан игілікті істерге осындағы ақсақалдар алқасының төрағасы Бақыт Балаев ризашылығын білдірді. Жамбыл ауылдық округіндегі ветеринариялық қосын меңгерушісі Дәурен Оңғарбаевтың айтуынша, мұнда штат бойынша 12 адам жұмыс істейді. Бұған дейін мал дәрігерлері ауылдық әкімдік ғимаратының бір бөлмесінде жұмыс істеп келген еді. Енді мамандар кең де жайлы, жылы ғимаратта жұмыс істейтіндеріне риза. Мұнда төрт бөлме бар, қажетті инфрақұрылыммен толықтай қамтамасыз етілген.

Жамбыл ауданы

СҰХБАТ

ЖАСТАР – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Барлық тіршілік бастауы жастық дейтін кезеңмен жарқырайды. Оған ерекше көңіл бөлудің нәтижесі бақыт пен бақуатқа бастайды. Мемлекетіміздің бұл іске жаңаша, ұлттық мазмұнда мән беретіні сондықтан.

Жастарға қатысты жаңалықтар облыс өңірінде аз емес. Жүзеге асырылған жұмыстар бір-бірімен үйлесіп, қоғам дамуына өз үлесін қосуда. Жастар жүрген жер күш пен жігер, жасампаздық пен жалынға толы. Ойымызды осындай мазмұнмен сабақтастыра отырып, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Мәди АХМЕТОВПЕН әңгімелескен едік.



Мәди АХМЕТОВ,
облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы

– Бүгінгі таңда «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген аталы сөз «Ел боламын десең, жастарыңды түзе» деген мағынада жаңарып жатыр. Осы деңгейден қарағанда, мемлекеттік жастар саясатының бағытын қалай түсіндірер едіңіз? Аймақ жастарының әлеуметтік қорғалуына және отаншылдық рухының берік қалыптасуына облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қосып жатқан үлесі қандай?

– Сізге қуанарлық бір дерек айтайын. Қазақстан – әлемдегі жасарған мемлекеттердің қатарында. Елімізде 35 жасқа дейінгі азаматтардың саны 7 миллионға жуықтады. Әрбір үшінші адам жастар санатында. Бір жағынан, бұл – бүгінді жарқын болашаққа жалғайтын қуатты күш. Сонымен қатар оның екінші қырын да назарда ұстау керек. Жастардың көргені аз, өмірлік тәжірибесі әлі толыспаған. Сеніп қалу сезімдері басым. Түрлі деструктивті ағымдар мен жат идеялар олардың осал тұсын аңдып, өздеріне бұруға тырысады. Сондықтан жас буынға ұдайы дұрыс бағыт-бағдар беріп, әлеуетін ел игілігіне жаратуға бейімдеу – өзекті міндеттердің бірі.

Еліміздегі 2 қала мен 5 облыста жастар саясаты басқармасы мемлекеттік орган ретінде дербес жұмыс істейді. Ал қалған аймақтарда ішкі саясат басқармасының бөлімшесі ретінде қызметін жалғастырып жатыр. Одан бөлек, өңірде жастарға кеңес беріп, мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат ұсынатын Жастар ресурстық орталықтары бар.

Ата Заңымызға сәйкес әрбір жастың мектепте тегін оқуына, одан әрі мемлекеттік грант негізінде жоғары оқу орнында білім алуға құқығы бар. Сонымен қатар заңнамалық деңгейде медициналық және әлеуметтік сақтандыру тетіктері де айқындалған. Дегенмен жас буынды толғандыратын жайлар жеткілікті. Соның қатарында баспанамен қамту мәселесі. Осыған орай көптеген жоба қолға алынуда. Тұрғын үй бағдарламалары түзіліп, ипотекалық пәтер беруді «Отбасы банк» акционерлік қоғамымен бірлесе жүзеге асырып келеді.

Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы республика бойынша бірыңғай негізде қабылданды. Осы құжатқа сәйкес біздің басқарма өз жоспарын жасап, тиісті шаралар белгіленді. Оны ойдағыдай орындау үшін күш жұмсаудамыз. Сала мамандары жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға басымдық беруде. Себебі ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – басты шарт. Жастар – мемлекетіміздің бүгіні мен болашағының кепілі, жасампаздық жаршысы.

– Басқармадағы жұмыстарға шолу жасағанда, ерекше тоқталатын мысал ретінде нені айтар едіңіз? Тың ізденістердің арқасында қызметтеріңіз қандай жаңалықтармен толығып жатыр?

– Алматы облысында ресми статистика бойынша 432 мыңнан астам жас бар. Әсіресе Алматы агломерациясына қарасты аудандарда тығыз қоныстанған. Ауыз толтырып айтатын негізгі жетістік – жыл өткен сайын NEET санатындағылар азайып келеді. Бұл санатқа өмірдің түрлі себептеріне байланысты белгілі мамандық алмай қалған және жұмыссыз жүрген жастар кіреді. Алматы облысында олардың саны 2023 жылы 46 мыңға жуықтаған. Салааралық басқармалармен, тиісті құзырлы органдармен, департаменттермен бірлесе жұмыс істеудің арқасында аталған деңгей бір жылда 26 мыңға дейін төмендеді.

«Жасыл ел» жобасын жақсы білесіздер. Соның аясында жыл сайын 1000-нан астам жасты маусымдық жұмыстарға қатыстырамыз. Бұл, әсіресе әлеуметтік осал топтағы, көпбалалы отбасындағы ұл-қыздарға тиімді. Алғашқы еңбекақысын алып, үлкен өмірдің есігін ашуға септігін тигізетін оңтайлы бастама. Былтыр 3000 еріктінің басын біріктірген «Волонтер. kz» атты электронды платформасын іске қостық. Яғни облысымыздағы 9 аудан мен 2 қалада кез келген азамат осы платформаға тіркеліп, өңірде өтетін ауқымды шараларға, фестивальдер мен форумдарға, байқауларға ерікті ретінде қатысуға мүмкіндік тапты. Өткен жылы республикалық «Игі істер» марафонында біздің облыс бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар «Ең мейірімді аймақ» деген номинация бойынша алдыңғы орыннан көрінді.

2023 жылдан бастап аудандардағы Жастар ресурстық орталықтарының жаңа ғимараттары қолданысқа берілді. Одан бөлек, әр өңірде орталықтың филиалдары жұмысын жалғастыруда.

Ең алдымен біз жастарға қызмет көрсететін мамандардың әлеуметтік жағдайына көңіл бөлеміз. Мен осы басқармаға келгенде, Жастар ресурстық орталықтарында мамандардың жиі ауысатынын аңғардым. Анықтап көрсем, оның басты себебі жалақының аздығы екен. Осы мәселені облыстық мәслихатта көтеріп едік, бәрі түсіністікпен қарап, бірауыздан қолдады. Нәтижесінде еңбекақыны 50 пайызға өсірдік. Сөйтіп, кадр тұрақтылығына қол жеткіздік. Өйткені сапалы маман – саланың қозғаушы күші.

– Ауылдағы жастардың көбі шаруа қожалықтардың қамымен орталықтан алыста, саяқ жүреді. Бұрынғыдай қырдағы дикан мен малшыны аралайтын керуендер қазір жолға шыға бермейді. Жастардың осындай тобының мәселесі сізді қалай толғандырады? Осыған қатысты қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

– Ол рас, облыстағы жастардың дені ауылда тұрады. Қазір барлық елдімекен интернет байланысымен қамтылды десек, артық айтқандық емес. Мейлі қала болсын, ауыл болсын, бүгінде жастардың басым бөлігі әлеуметтік желіде отыратыны – шындық. Сондықтан біз «Жас инфо» Telegram-ботын іске қостық. Сол арқылы жастар «Дипломмен ауылға», «Ауыл аманаты», «Бастау бизнес» сияқты мемлекеттік бағдарламалар мен түрлі байқаулар туралы ақпаратқа қанығады. Аталған бағдарламалар жас мамандардың ауылда жұмыс істеуіне, ауыл тұрғындарының өз кәсібін ашуына пайдасын тигізіп жатыр. Бұған қоса, Алматы облысындағы «Алатау дарыны» жобасын ерекшелеп айтуға тиіспіз. Қытай Халық Республикасымен тығыз байланыстың арқасында аталмыш елдің бірнеше провинциясы Алматы облысының түлектеріне қайтарымсыз білім грантын ұсынып отыр. Олар Қытайдың жоғары оқу орындарында 4 жыл бойы тегін оқып, тегін жатақханамен қамтамасыз етіліп, ай сайын стипендия алады. Үш жылдың ішінде 80-ге жуық облыс түлегі осы бағдарлама арқылы шетелде білім алуға қол жеткізді. Бұл – жастарға жасалып жатқан нақты қамқорлықтың бір көрінісі.

Қазіргі қоғамда алаңдаушылық туғызатын түйткілдің бірі – ақпарат кеңістігіндегі көзқарастардың әралуандығы. Солардың арасында жақсы мен жаманды ажырата білудің күресі жүріп жатқандай. Әлеуметтік желідегі блогерсымақтар білім алмай-ақ бірден байып кетуге болады дейтін арзан пафосты ұсынады. Маңдай терлетпей келетін жеңіл табыстың елесінен үміт күтетін жастардың бар екені жасырын емес. Сондықтан біз бақуатты қоғам, жарқын болашақ тек адал еңбек пен сапалы білімнің арқасында қалыптасатынын жастардың санасына сіңіруге тиіспіз.

– «Заң мен тәртіп» берік қағидаға негізделген айнымас ережеге айналды. Ол, әсіресе, жастарға керек. Мейлі дала болсын, қала болсын, талап пен ұстаным ортақ. Тәртіпті нығайтуға жастардың қатысуы қалай қамтамасыз етілуде?

– «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту – өзгермейтін өзекті міндет. Осы орайда біздің басқарма құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, жас буынды жат әдеттерден сақтандыру және құқықтық мәдениетін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұл ретте тек құрғақ лекциялармен шектелмей, заманауи, интерактивті әдістер мен нақты нәтижеге бағытталған шараларға басымдық берудеміз.

Биыл облыстың әр ауданы мен қаласында жастардың қатысуымен интерактивті форумдар ұйымдастырылды. Әр өңірде шамамен 500 жас қамтылып, жалпы қатысушылар саны 5 мыңға жуықтады. Онда жастар өз ойын ашық айтып, спикерлер әрбір қатысушының пікіріне құлақ түріп, толғандырған сұрақтарға жауап берді. Басты тақырыптар қатарына суицидтің алдын алу, лудомания мен нашақорлыққа қарсы күрес, онлайн алаяқтық пен дроперлік қылмыстар кірді.

Екі жыл қатарынан облыста «Сақтан» жобасы сәтті жүзеге асып келеді. Мұндағы басты ұстаным – жастарға күрделі мәселелерді түсінікті әрі қызықты тілмен жеткізу. Осы мақсатта түрлі спорттық жарыстар мен жайдарман ойындары тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен қатар түнгі рейдтер ұйымдастырылады. Бұл шаралар тек есеп үшін жасалмайды. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта ойын клубтарында немесе рұқсат етілмеген орындарда жүруіне қатысты қатаң шаралар қабылданады. Ата-аналарға ескерту жасалып, заң аясында хаттамалар толтырылады.

Жастар тәрбиесіне қатысты осындай шараларға мемлекеттік органдар бір мақсатта жұдырықтай жұмылып жұмыс істеуде. Өйткені елдің ертеңі жастардың заңға деген құрметіне және оны сақтауына тікелей байланысты.



Суретті түсірген – Асхан ҚАЖЕКЕ

– «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы – жастармен біте қайнасқан маңызды шара. Жастар сол арқылы даланы да, сананы да шаң-тозаңнан арылтады деп үміттенеміз. Оның ырғағын тоқтамайтын етіп жыл он екі айға қалай пайдалануға болады?

– «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы жас мөлшеріне бөлінбейтін, баршаға ортақ маңызды бастама екені сөзсіз. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар білім беру ұйымдарында жүйелі түрде қолға алынып келеді. Мектептерде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сынып сағаттары өткізіліп, оқушыларға табиғатты аялаудың мәні мен маңызы түсіндіріліп, құқықбұзушылықтың салдары қандай зардаптарға соқтыратыны айтылуда. Алайда жасөспірім үйіне келгенде әкесінің темекі тұқылын кез келген тұсқа лақтырып, тәртіп сақтамағанын көрсе, мектептегі айтылған өнегенің әсері азаятыны тағы белгілі. Өйткені бала ең алдымен отбасында көргенін қайталайды. Демек, үлкендердің жауапкершігі де үлкен болуға тиіс

Әрине, экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Тазалықты әр адам өз ауласынан, өз кәсіпорны маңынан бастаса, бұл үрдіс біртіндеп тұтас қоғамдық қозғалысқа айналары сөзсіз. Осы орайда «Таза Қазақстан» аясындағы шаралардың форматы да заман талабына сай жаңарып келеді. Алматы облысындағы экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынатын студенттік топтардың жобалары қолдау табуда. Демеушілердің көмегімен жеңімпаздарға арнайы жүлде қоры жасақталып жатыр.

Қорыта айтқанда, әрбір азамат сенім мен сезінуді өзінен бастаса, тазалық пен тәртіп біздің өмір салтымызды жаңғырта беретіні анық.

– Жастардың жаны өнерпаздыққа жақын ғой. «Ел іші – өнер кеніші» деген мақалдың астары да осыны меңзейді. Бұған қатысты қандай нәтижелі жұмыстар атқарылып жатыр?

– Иә, бұл бағытта атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар аз емес. Өнерлі жастар арасында түрлі байқаулар жиі ұйымдастырылады. Дегенмен бастамалардың басым көпшілігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасымен бірлесе отырып жүзеге асырылатынын атап өткен жөн. Мәселен, дәстүрлі жайдарман ойындары өткізіліп келеді. «Самға» байқауы мүмкіндігі шектеулі жандардың өнерін бағалауға арналған. Өңірдегі жоғары оқу орны қатарына жақында New York Film академиясы қосылды. Колледждер арасындағы жыл сайын өтетін «Студенттік көктем» фестивалі жаңа таланттарды тануға жол ашуда. Қысқасы, өнерлі жастарды қолдауға бағытталған жұмыстардың негізі осындай ауқымды істермен сипатталады.

– Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Олар саяси партиялар қатарына белсене қатысып, жергілікті мәслихаттарға депутат ретінде сайланып жатыр. Осы орайда басқарма тарапынан жастарды мемлекеттік іске бағыттау үшін қандай жұмыстар атқарылып келеді?

– Мемлекеттік істер жөніндегі агенттікпен бірлесе отырып, жас мемлекеттік қызметшілер арасында пікірсайыс клубтарын құрып, оны насихаттап келеміз. Сонымен қатар мәслихаттар мен қоғамдық кеңестер сияқты сайланбалы органдарда жастардың үлесін 30 пайызға дейін жеткізу – басты жоспарымыздың бірі.

Күні кешеге дейін облыстық мәслихатта жас депутаттар Нұрсұлтан Орынбасар, Әсел Зайырова, сондай-ақ облыстық қоғамдық кеңесте Мақсат Кенеш, Әділет Айтқазы сияқты белсенді азаматтар жастарға қатысты өзекті мәселелерді көтеріп келді. Тіпті аудандық мәслихаттардың өзінде де жастардың өкілдері аз емес. Олар әлеуметтік лифт шынымен де жұмыс істейтінін басқаларға дәлелдеп көрсетті. Яғни еңбек етіп, өз кәсібін дөңгелетіп немесе қоғамдық белсенділігімен көзге түскен азаматтарды қолдау тетіктері қарастырылған. Одан бөлек, үкіметтік емес жастар ұйымдарының белсенділігі арта түсті. Жалпы алғанда, жұмыс істеймін, нәтижеге қол жеткіземін деген жігерлі жасқа ешқандай тосқауыл жоқ. Адамның өз ынтасы мен мақсаты биік болса, ондай азамат ұтылмайды.

Бұдан бөлек, облыс әкімінің жанында арнайы жастар кеңесі жұмыс істейді. Оның құрамында ғалымдар, IT саласының мамандары, волонтерлер, тіпті базарда еңбек етіп жүрген немесе ірі кәсіпорындардың жұмысшы жастары да бар. Жыл сайын облыс әкімінің төрағалығымен аталған кеңес мүшелері екі-үш рет бас қосып, өңірге қажетті мәселелерді талқылайды және оларды шешу жолдарын қарастырады.

Әрине, жастар саясатын толықтай қалыптастырып, жүзеге асыру бағытында атқарылар жұмыстар әлі де көп. Мемлекет басшысының тапсырмасымен өңірімізде ғылым қалашығын құру және академиялық кампус ашу жобасы қолға алынған. Бұл – студенттерді Алматыдан өңірімізге шоғырландырып, оларға жан-жақты мүмкіндік беруге бағытталған маңызды қадам.

Қонаев қаласының даму жоспарына көз жүгіртсеңіз, алдағы бесжылдықта жастарға арналған Конгресс-холл мен жаңа орталықтардың ашылатыны құжатта анық көрсетілген. Оның да ауылы алыс емес деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан –
Болат МӘЖИТ

ЕРКІНДІГІҢ ТӨРДЕ ҚҰРЫП САЛТАНАТ,



Әрбір тарихи кезеңде ұлтты алға жетелейтін ардақты азаматтар болады. Олар – саясаткер, ғалым, жазушы немесе қарапайым еңбек адамы болсын, елінің жарқын болашағы үшін аянбай қызмет еткен тұлғалар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетіміз көптеген сын-қатерге төтеп беріп, жаңа даму жолына түсті. Осы кезеңде қызмет еткен тұлғалардың рөлі мен еңбегі, олардың болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасы – біз үшін аса құнды. Азаттықтың ақ таңы атқан жылдарда Алматы облысының қайта түлеуіне арқау болған тұлғалардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері – Серік Әбікенұлы. Чибетов үлгісін өркендеген өңірдің алтын шежіресінен бөле қарауға болмайды.



Егемендік – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

● Ерзат АСЫЛ

Серік Әбікенұлы 1996 жылы сол кездегі Президент Жарлығымен Алматы облысының әкімі болып тағайындалды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік алған жылдарымен тұспа-тұс келген, қиыны мен қызығы мол жылдар еді.

«Азаттықтың алғашқы жылдары әлі есімде. Бәріміз ерекше тебіреністі бастан өткердік. Рас, бұл күйді тілмен айтып жеткізе алмаймыз. Бірақ өз еліміз, өз жеріміз, тәуелсіз мемлекетіміз үшін өгіз қара күшімізді жұмсайтын күн туғанын анық түсіндік. Сол үшін де уақыттың әр минутын осындай ортақ мұратқа жұмсауға бел байладық. Бұл – бүкіл ел, ұлт үшін мақтаныш сезім, болашаққа үлкен үміт сыйлаған кезең. Әрине, тәуелсіздік, одан бергі 35 жыл уақыт туралы көп нәрсе айтуға болады. Айтылып та жатыр. Бірақ еліміздің саяси-экономикалық жетістіктерінен бөлек, біз назар аудара бермейтін бір мәселе бар. Ол – қоғамның, сананың өзгергені. Жаңа ұрпақтың өсіп-жетілгені. Осы жылдар ішінде қоғамдық құрылысымыз толық өзгеріп, жаңа қоғам, кезең, болмыс келді. Халықтың ой-санасы, тұрмыс-тіршілігі бүтіндей өзгерді. Бұл – тәуелсіздік жылдарының ең үлкен жемісі. Жаңа көзқарастағы, креатив, белсенді жастар тәуелсіз Қазақстанның ең қымбат қазынасы», – дейді егемендік алған елең-алаң шақты есіне алған Серік ағамыз.

Еліміз сан ғасырлық қиын-қыстау, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қатарына қосылды. Қазақ халқы үшін қазанның 25-і жай күнтізбедегі дата емес, бұл – ұлт жадында жаңғырған, мемлекет тарихында алтын әріппен жазылған күн. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдады. Бұл құжатта тұңғыш рет Қазақстанның өз аумағы, өз азаматтығы, өз мемлекеттік рәміздері, өз бюджеті, өз сыртқы саясаты, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық негіздері бар, дербес мемлекет екені әлемге жарияланды. Шын мәнінде тәуелсіздікке апарар даңғыл жол осы декларациядан басталды.

Серік Әбікенұлы 2005-2011 жылдары Алматы облысына қайта жетекшілік жасады. Ол кезде облыс тұрғындарының 70 пайызы ауыл тұрғындары болды. «Негізгі күретамырымыз – ауыл. Ауылды көтермесек, жағдайымыздың түзелмесі анық. Сол кездегі Жол картасы арқылы осы мәселе оң шешімін тапты. Облыс бойынша 200 елдімекеннің көшесі, суы, жарықтандырылуы, көгалдандырылуы, балабақша, мектеп, ауруханалардың жөндеу жұмыстары сынды мәселелерге көңіл бөлінді. 2005 жылы Алматы облысына қызметке келгенімде балалардың бақшамен қамтылуы 7% ғана болатын. Республика бойынша бірінші болып бастама көтеріп, 44 балабақшаны мемлекет меншігіне қайтардық. Кейін нақты жоспар жасап, 3 жылда 36 мыңнан астам баланы балабақшамен қамтамасыз еттік. Ол жылдары Алматы облысының білім беру саласында сапалы өзгерістер болып, денсаулық сақтау саласы да жандана түсті. Сонымен қатар өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 1999 жылғы 14,2 пайыз көрсеткіштен 2010 жылы 5,6 пайызға дейін төмендеді», – деді өткен уақыттың алтын шежіресін парақтаған бұрынғы облыс әкімі.

Көгінде көк Туы желбіреген Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасудың осындай күрделі кезеңдерін басынан өткізе бастаған тұста елге де, ел бастаған ерлерге де артылар сын, жүктелер міндет аз болған жоқ. Уақыт сынының өтінде жүргендер мұны жанымен, жүрегімен сезінді. «Өмір – уақытша, мәңгілік ештеңе жоқ. Кейінге мұра болып қалатын ескерткіштер ғана. Ұрпағымыз ата-бабасының қандай болғанын білсін деп ескерткіштер орнатуға ерекше көңіл бөлдім. Желтоқсан оқиғасының қаһармандары Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа, қазақтың тұңғыш теміржолшысы Мұхамеджан Тынышпаевқа, Қабанбай, Райымбек, Наурызбай батырларымызға, Қаблиса, Ескендір, Балпық билерге, Сүйінбай ақынға, Қадырғали Жалайырға ұрпақтар есінен ұмытылмасын деген ниетпен ескерткіштер орнаттық. Өз басым ескерткіші, күмбезі, мешіті бар, барлығы қырық жеті белгі орнатуға мұрындық болыппын. Бұл жұмысты жас кезімде, кеңшардың директоры болып жүргенде қолға ала бастадым. Өйткені ұлыларымызды ұлағаттау – біздің қастерлі міндетіміз. Бірақ ол кезде мұндай істерді жүзеге асыру өте қиын еді. Ол үшін жауапқа тартылатынсың. Ал бүгінгі жетістікке жетіп отырғанымыз – егемендіктің арқасы. Тәуелсіздіктен артық біздің қандай байлығымыз бар. Бақытымыз да, қуанышымыз да осы – егемен ел атануымыз! Қазақта: «Бақ дәулет қайда барасың?» – десе, «Ынтымағы мен берекесі жарасқан елге барамын», – дейтін аталы сөз бар. Кезінде Талдықорғанда Достық үйін салып, этностар татулығы мен бірлігін арттыруға негіз қалап бердік. Республика бойынша бастама көтеріп, Тіл сарайын тұрғыздық. Ол жерде өзге этносқа қазақ тілін, сосын этностардың тілдерін үйрету жұмыстары жүргізілді. Бүгінде бұл дәстүр Қонаев қаласында жалғасын тауып жатыр. Бұл – қуанарлық жағдай», – дейді Серік Әбікенұлы.

Кернеулі кезеңде уақыт толқыны көтерген, еңбегі жанып, ел құрметіне бөленген жанның әрбір ісі мен сөзін халық жады қалт жібермей, ой төрінде өрнектеп, сана кеңістігінде сақтайтыны анық. Серік Үмбетов басқарған жылдары аймақта әлеуметтік саланы дамытуға, экономиканы қолдауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған көптеген жоба жүзеге асты. Айтулы тұлғаның мемлекет басқарудағы тәжірибесі, азаматтық ұстанымы, адамгершілік қасиеті мен халыққа деген шынайы жанашырлығы тәуелсіздікпен бірге түлеген Алматы облысының айтулы шежіресі болып қала береді.

Бабалар аманаты

Республика күні – ұлттың ұлы мұратын ұлықтап, азаттықтың қадірін пайымдайтын айрықша мереке. Бұл күннің тереңіне үңілсек, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы көксеген арманы, бабалардың аманаты, ұрпақтардың үміті тоғысқанын көреміз.

Қазақтың кең даласы талай тарихтың куәсі болды. Желмен жарысқан жылқының дүбірі, ел шетіне жау тисе, найза ұстаған ерлердің рухы, шаңырағын биік, керегесін кең ұстаған халықтың даналығы – бәрі де бүгінгі азаттығымыздың рухани тамыры. Тарихтың талай сынынан сүрінбей өткен жұрт үшін ел болудың бағасы қашанда биік. Өйткені Отан дегеніміз – картадағы шекара ғана емес, ол – ата-бабаның ізі қалған қасиетті топырақ, ана әлдиі сіңген мекен, ұрпақтың үміті мен халықтың жүрегіндегі сенім. Егемендік бізге елдігімізді түгендеп, өз жолымызды таңдауға мүмкіндік берді. Ендігі міндет – сол мүмкіндікті баянды игілікке айналдыру. Мемлекеттің қуаты зәулім ғимараттармен немесе құрғақ ұранмен өлшенбейді. Оның шынайы байлығы – адал еңбек еткен азаматы, білімге ұмтылған жастары, ынтымағы жарасқан жұрты мен әділетті қоғамы. Әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, туған жеріне титтей де болса пайдасын тигізсе, елдің еңсесі биіктей береді.

Жазушы ретінде мен ел тағдырын адам тағдырынан бөлежара қарамаймын. Әдебиет – халықтың жады, уақыттың айнасы, ұлттың жандүниесін танытатын рухани шежіре. Қаламның міндеті – өткеннің өнегесін ұмыттырмай, бүгіннің шындығын зерделеп, ертеңге ой салу. Өйткені елдікті сақтау үшін жерді қорғау аздық етеді, рухты да сақтау қажет. Ал рухтың тірегі – тіл, тарих, мәдениет және адамдық қасиет. Бүгінгі ұрпақтың алдында жаңа заманның талабы тұр. Ғылым мен білімді игеру, ұлттық болмысты жоғалтпай өркениетке ұмтылу, ел ішіндегі татулықты бағалау – тәуелсіздіктің тұғырын бекемдейтін маңызды құндылықтар.

Осы мерейлі күні халқымызға тыныштық, әр шаңыраққа құт-береке тілеймін. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Көк байрағымыз асқақ желбіреп, Қазақстанның абыройы арта берсін. Еліміздің ертеңі еңселі, келешегі кемел болғай!

Қанат ӘБІЛҚАЙЫР,
жазушы,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

Егемендік бізге оңай келген жоқ. Тамыры терең тартқан тарих беттеріне үңілер болсақ, орыс отаршылдығы кезеңіндегі Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Амангелді бастаған ірі көтерілістер Тәуелсіздікті аңсаған еліміздің жанкешті ерлігін көрсетеді.

Отызыншы жылдардағы қос нәубеттің қасіретін қалай ұмытармыз?! Қолдан жасалған ашаршылық салдарыннан халқымыз қынадай қырылды, «Қызыл империяның» құйтырқы саясатының құрбаны болған халқымыздың биік рухты, маңдайалды ұлдары «халық жауы» деген жаламен жазықсыздан атылды. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының кемел келешегі жолында басын бәйгеге тігіп, ажал оғына қасқая қарсы тұрған Алаш арыстары – Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ыбырайым Жайнақов, Мұстафа Шоқай, тағы басқалары әділдіктің ақ туын жықпай, арманда кетті.

Тарихта өшпес із қалдырған, миллиондаған жанның өмірін қиған Екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарында да қазақ халқының қаншама ұл-қыздары қаһармандықтың ерен үлгісін көрсетіп, жандарын қиды. Осынау ұлан-ғайыр жерді, елді болашақ ұрпаққа аманаттап кеткен батырлар мен ұлы тұлғалардың төккен тері өз алдына бір төбе.

1986 жылғы желтоқсанның 16-18 күндеріндегі ызғарында намысты ту етіп көтерген, қазақтың қайсар рухты жастары, тоталитарлық режимге қарсы шығып, бейбіт түрде «Қазақ еліне өз ұлтынан көсемі сайлансын! Тәуелсіздік керек!» деген талап-тілек білдірді. Шерушілер жаппай жазаланып, партия және комсомол жастар одағынан шығарылды, 300-ден аса студент жоғары оқу орнынан шығарылып, көптеген жұмысшы жұмыс орнынан босатылды, 99-ы түрмеге жабылды.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданып, төрткүл дүниеге «қазақ» деген ұлт, «Қазақстан» деген мемлекет танылды. 1991 жылдың 16 желтоқсаны – Тәуелсіздіктің жеңісті мәресі.

Республика күні мерекесі біраз жыл ұмыт бола жаздады. 2009 жылы мерекелер тізімінен алынып, жұмыс күніне айналды. Бірақ ел жадын өшіру мүмкін емес, 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда тарихи шешім қабылдады, 25 қазанға ұлттық мереке мәртебесін қайтарып, қайта тойлауды ұсынды. «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Халық бұл шешімді зор қуанышпен қабылдады.

Міне, осылайша тәуелсіздіктің алғашқы дәмін сезіндіріп, еркіндіктің тізгінін қолға ұстатқан тарихи оқиғаның маңызы зор. Ал Республика күнінің басқа мерекелерден шоқтығы биік, тағылымы терең.

Рано ҚАЛДЫБЕКОВА,
Алматы облыстық мемлекеттік
архивінің қызметкері

Баспана бақыты



Республика күні қарсаңында Қарасай ауданының 20 отбасы көптен күткен қоныстойын тойлады. Армандаған пәтерлерінің кілтін оларға Қарасай ауданының әкімі Жасұлан Естенов табыстады.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Құттықтау сөзінде Жасұлан Тоққожаұлы жаңа баспана әрбір отбасы үшін қуанышты да бақытты сәттерге толы жаңа өмірдің бастауы екенін атап өтті. Сондай-ақ жаңа қоныс иелеріне шаңырақтарына жылулық пен қуаныш, өсіп-өркендеу мен бақ-береке тілеп, жаңа үйлерде баланың сыңғырлаған күлкісі үзілмесін деген ізгі тілегін білдірді.

Айта кетейік, аталған 20 пәтердің бір бөлігі Қаскелең қаласындағы «Қарлығаш» тұрғын үй кешенінде, қалғаны Елтай ауылдық округінің аумағындағы «Елтай» тұрғын үй кешенінде орналасқан. Пәтерлер республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен сатып алынған. Баспаналар халықтың әлеуметтік осал топтарына (ӘОТ) жататын азаматтарға арналған.

Бүгінгі таңда ауданда тұрғын үй кезегінде 13 036 азамат тұр, олардың 6 915-і әлеуметтік осал топтар санатына жатады. 2024 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспанаға мұқтаж 88 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, 2025 жылы 73 отбасы баспаналы болды. Ал жыл басынан бері 223 отбасыға жаңа пәтерлердің кілті табысталды. Жыл соңына дейін тағы 46 отбасын баспанамен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Осылайша баспанаға мұқтаж жандардың қатары жыл санап азая түсуде.

Қарасай ауданы

ШАТТЫҒЫҢА КУӘ БОЛСЫН ШАРТАРАП!



КӨК ТУДЫ ЖЕЛБІРЕТКЕН

Ел дамуында спорт саласы ерекше орын алады. Мемлекетіміз тәуелсіз ел атанған 35 жыл ішінде спортшыларымыз едәуір жетістікке қол жеткізді. Олимпиада ойындары мен әлемдік додаларда көк Туымыз сан мәрте желбіреп, Гимніміз шырқалды.

● Ерзат АСЫЛ

1991 жылдан бастап Қазақстан әлемдік деңгейдегі жарыстарға тәуелсіз мемлекет ретінде қатыса бастады. Ең алғаш 1994 жылы Олимпиада ойындарына ұлттық құрама өз спортшыларын алып барды. Бұл Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен қысқы Олимпиада ойындары еді. Аталған додада Владимир Смирнов шаңғымен жарыста алтын медаль иеленіп, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш спортшысы ретінде тарихта қалды.

«Мені кішкентайымнан классикалық әдіспен шаңғы тебуге баулыды. Ал өзім үлкен қашықтықты ұнатамын. Алдыңғы үштікке шығамын деп ешқашан ойламағанмын. Бірақ олимпиадалық ойындардағы күтпеген табысым мені одан әрі үміттендірді. Олимпиадаға қатысып, өзіңнің мүмкіндігіңді көрсету – әркімге бұйыра бермейтін бақыт», – дейді даңқты спортшы.

Жалпы, 1994 жыл Қазақстан спорты үшін табысты болды. Себебі, сол жылы Жапонияда өткен жазғы Азия ойындарында еліміз жақсы нәтиже көрсетті. Аталған сайыста еліміздің намысын 210 спортшы қорғады. Хиросима қаласында жарыс қорытындысы бойынша 25 алтын, 26 күміс және 26 қола медаль алып, командалық есепте төртінші орынға жайғастық. Біздің алдымызда танылған әлемдік көшбасшылар – Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея болды.

Ал 1996 жылы Қазақстан өз тарихында алғаш рет жазғы Олимпиада ойындарына қатысты. АҚШ-та өткен додада еліміздің 96 спортшы бақ сынап, 3 алтын, 4 күміс және 4 қола жүлде иеленді. Ол Атлантада өткен еді. Бокстан Василий Жиров – алтын, Болат Жұмаділов – күміс, Болат Ниязымбетов пен Ермахан Ибрайымов қола медаль иеленді. Бессайыстан Александр Парыгин – алтын, грек-рим күресінен Юрий Мельниченко – алтын, нысана көздеу және нысананы жатып көздеуден Сергей Беляев екінші орын алып, ел қоржынына 2 күміс медаль салды. Ауыр атлетикадан Анатолий Храпатый – күміс медаль, нысана көздеуден Владимир Вохмянин – қола, еркін күрестен Мәулен Мамыров қола медаль алды.

«Алтын медаль алмасам да, сол бір төрткүл дүние көз тіккен дүбірлі дода әлі есімнен кетпейді. Өйткені біз Атланта төріне тәуелсіз елдің Туын тұңғыш көтеріп барып едік. Ал марапатталған сәттегі әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Өзімді әлемнің ең биік шыңына шыққандай күй кешіп, бойымды мақтаныш сезімі кернеді», – дейді Олимпиада жүлдегері Мәулен Мамыров.

Қазақстан Австралияның ірі қалаларының бірі Сиднейде өткен 2000 жылғы жазғы Олимпиада ойындарына өз тарихында екінші рет қатысып, 3 алтын, 4 күміс медаль қанжығалады. 198 ел қатысқан Сидней Олимпиадасына Ұлттық құрамадан 130 спортшы барып, жетеуі жеңіспен оралды. Жеңіл атлетикадан Ольга Шишигина, бокстан Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ибрайымов алтын медаль алып, мерейімізді асырды. Мұхтархан Ділдәбеков пен Болат Жұмаділов күмісті місе тұтты. Велоспорттан Александр Винокуров күміс медаль иеленсе, еркін күрес бойынша Ислам Байрамуков күміс медальға қол жеткізді. Осылайша командалық есепте ел құрамасы 199 елдің ішінен 22-орынға табан тіреді.

Осылайша тәуелсіздік алған жылдан бері спортшыларымыз көптеген жетістікке жетсе, еліміз-де 25-тен астам ұлттық спорт түрі жанданып, дамыды. Қазақ күресі, саятшылық, асық ату және тоғызқұмалақ сынды ұлттық спорт түрлері ЮНЕСКО-ның материалдық емес, мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді. Республикада кәсіби спортшыларды бастапқы кезеңнен жоғары спорт шеберлігіне дейін даярлау жүйесі қалыптасты. Бұған – әлемдік жеңіс шежіресіне есімдері мәңгі жазылған қазақстандықтардың жетістіктері мен есімдері дәлел.

Азаттықтың асыл діңгегі

25 қазан – халқымыздың тағдырында айрықша орны бар тарихи күн. Бұл – ғасырлар бойы азаттықты аңсаған ата-бабаларымыздың арманымен сабақтасып, тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаған маңызды белес. Сондықтан Республика күні – өткенімізді бағамдап, бүгініміздің қадірін түсініп, болашағымызға жауапкершілікпен қарайтын тағылымды мереке. Ел болу – үлкен мұрат, ал елдікті сақтау – ұрпақ алдындағы қасиетті аманат. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы әрқайсымыздың адал еңбегімізге, береке-бірлігімізге және ұлттық құндылықтарымызға деген құрметімізге байланысты.

Ұлттың рухани тұтастығын сақтауда мәдениет пен өнердің орны ерекше. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұрасын дәріптеп, ұлттық өнеріміздің өрісін кеңейту – елдігімізді нығайтуға қосылған маңызды үлес деп білемін. Өйткені ұлттың рухы – оның тарихында, тілінде, мәдениеті мен өнерінде жатыр. Сол рухани байлықты келер ұрпаққа аманаттау – бәрімізге ортақ жауапкершілік. Осы мақсатта Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының әнші, биші, күйшілері ұлт мұрасын асқақтатып, келер ұрпаққа жеткізу жолында тынымсыз еңбек етуде. Бұл ретте бабаларымыздың көзіндей болған жыр, толғау, терме, күйлерін, әндерін, шаттық пен қуанышқа толы ұлттық билерін әр мерекеде насихаттап келеді. Халық рухын көтеру, қуаныш сыйлау, бабалар тағылымын жеткізу – біз үшін ұлы мұрат.

Еліміздің егемендігін паш ететін ұлттық мерекеміз – Республика күнінде де филармония өнерпаздары облыстың түкпір-түкпірінде өнер көрсетіп, азаттықтың алтын арқауы болған айтулы күнніңмәнді де сәнді өтуіне үлестерін қосады. Осынау айтулы мерекеде барша қазақ жұртына, әрбір шаңыраққа береке-бірлік, толайым табыс тілеймін. Еліміздің іргесі берік, бірлігі бекем, болашағы жарқын болсын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз мәңгілік болғай!

Сәбит ӘБДІХАЛЫҚ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры

Жастар үні

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Республика күні – бұл күнтізбедегі қызылмен белгіленген мереке ғана емес, халқымыздың тәуелсіздікке қарай жасаған тарихи қадамын, азаттыққа деген ұмтылысын еске салатын ерекше күн. Ал бүгінгі жас ұрпақ Республика күнінің тарихын қаншалықты біледі? Оның ел өміріндегі маңызын қалай түсінеді? Осы сауалдарға жауап іздеп, Қонаев қаласындағы мектеп оқушыларымен тілдестік.

Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің 11-сынып оқушысы Ақылбек Қазбекке «Республика күнінің тарихы туралы не білесің? 25 қазанның Қазақстан үшін маңызы неде?» деген сауал қойдық. Оның айтуынша, бұл күннің басты ерекшелігі Қазақстанның егемендікке қарай жасаған маңызды қадамында жатыр. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Мемлекеттік егемендік туралы» декларация елдің дербес даму жолын айқындауға негіз болды. Ал бұл тарихи оқиғалардың жалғасы ретінде 1991 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанды.

– Сенің ойыңша, қазіргі жастар Республика күнінің мәнін қаншалықты түсінеді? Олардың тарихи білімін арттыру үшін не істеу керек?

– Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда мектептегі біліммен қатар, отбасындағы тәрбие, қоғамдық іс-шаралар, тарихи деректі фильмдер мен танымдық кездесулердің маңызы зор. Өйткені тарихты тек оқулықтағы мәтін ретінде қабылдамай, оны елдің бүгінгі жетістіктерімен байланыстыра білгенде ғана жас ұрпақтың туған жерге деген құрметі арта түседі, – деді ол. Расында, Республика күні туралы білім тек мереке қарсаңында еске түсетін ақпарат болып қалмауы керек. Егемендіктің қандай тарихи жағдайда жарияланғанын, оның ел дамуына қалай ықпал еткенін әр азамат біліп, өткен күнге ерекше құрмет танытуы тиіс.

Қонаев қаласындағы №3 орта мектептің 11-сынып оқушысы Әлішер Мұратханмен де осы тақырып төңірегінде пікір алмастық.

– Әлішер, Республика күні мен Тәуелсіздік күнінің айырмашылығын қалай түсіндіресің? Бұл екі мерекенің тарихтағы орны қандай?

– Бұл екі күннің мәнін ажырата білу үшін ел тарихына тереңірек үңілу керек. Республика күні 1990 жылғы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияның қабылдануымен байланысты болса, Тәуелсіздік күні 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауына орай белгіленген. Екі тарихи оқиға да қазіргі мемлекеттілігіміздің қалыптасуында айрықша орын алады, – деп ойын жеткізді.

Жастармен жүргізілген сауалнама олардың ел тарихынан хабардар екенін көрсетеді. Бүгінгі оқушылар – ертеңгі мамандар, ғалымдар, ұстаздар, кәсіпкерлер және ел басқару ісіне араласатын азаматтар. Сондықтан олардың тарихты білуі, ұлттық құндылықтарды құрметтеуі және мемлекеттің дамуына бейжай қарамауы ерекше маңызды. Тарихын таныған ұрпақ ел жетістігінің бағасын да тереңірек түсінеді. Республика күні – өткенді еске алып қана қоймай, бүгінгі жетістіктерге көз жүгіртіп, келешекке мақсат қоятын күн. Егемендіктің мәнін түсіну әр азаматқа ел тағдырына ортақ жауапкершілік жүктейді. Ал сол жауапкершілік жас ұрпақтың санасында орныққанда ғана тәуелсіздіктің тұғыры берік болмақ. Ендеше, 25 қазан – ел тарихындағы маңызды күнді еске алатын ғана емес, Қазақстанның өткені мен болашағын байланыстыратын мереке. Оның қадірін білу – Отан тарихын құрметтеуден, ал елге қызмет ету сол құрметті нақты іспен дәлелдеуден басталады.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТҚАН ӘН

Адамның жүрегіне жақын ұғымдар болады. Соның бірі – Отан. Өйткені Отан дегеніміз – туған жердің топырағы, балалық шақтың ізі қалған ауыл, ата-бабаның аманаты, ана тілінің әлдиі мен ұрпақтың үміті. Ол – картадағы шекарамен ғана өлшенбейтін, әр адамның жүрегінде орны бар қасиетті мекен. Елге деген сүйіспеншілік те осындай терең сезімнен бастау алады. «Елім деп соқсын жүрегің» деген ән атауының өзінде осындай үлкен мағына, азаматтық мұрат, ұрпаққа артылған аманат жатыр.



● Құралбек СӘБИТОВ

Ән – адам жанының тілі. Кейде бір ауыз сөзбен жеткізе алмаған сезімді әуен аңғартады. Көңілдің түкпірінде жатқан сағынышты қозғап, жүрекке жігер береді. Әсіресе туған жер мен ел тағдырын арқау еткен шығармалардың орны бөлек. Өйткені олардың өзегінде жеке адамның сезімінен әлдеқайда кең ұғым – ортақ тарих, ортақ құндылық, ортақ жауапкершілік бар. «Елім деп соқсын жүрегің» әнінің атауы да тыңдарманды осындай ойға жетелейді.

Әлеуметтік желіде кеңінен танымал болған «Елім деп соқсын жүрегің» – бұл соңғы уақытта үлкен танымалдылыққа ие болған, отаншылдық пен ұлттық рухты оятатын қазақша ән. Оны Еркебұлан Сәрсенбеков пен Бауыржан Нұрмұханов орындайды. Ән сонымен қатар Президенттік оркестрдің сүйемелдеуімен де шырқалып, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді.

«Елім деп соқсын жүрегің!» Бұл – жай ғана тілек емес, әр азаматтың өзіне қояр сауалы секілді. Мен елім үшін не істеп жүрмін? Туған жерімнің көркеюіне қандай үлес қосып жатырмын? Ата-бабам аңсаған азаттықтың қадірін сезініп жүрмін бе? Осындай сауалдар адамды өткенге көз жүгіртіп, бүгінгі күннің бағасын түсінуге шақырады. Елге қызмет ету үлкен мінберден сөйлеумен немесе биік белестерді бағындырумен ғана өлшенбейді. Өз ісіңе адал болу, отбасыңа қамқорлық жасау, маңайыңа жақсылық тарату, туған жеріңнің тазалығы мен тыныштығына жанашырлық таныту – Отанға деген құрметтің көрінісі. Азаттықты аңсаған бабаларымыздың арманы да, қиындыққа мойымаған қайсарлығы да бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның негізіне айналды. Кең байтақ даланы ұрпағына аманат еткен ата-бабаларымыз жердің қадірін ғана емес, ел болудың жауапкершілігін де терең түсінді. Сондықтан туған жерге деген сүйіспеншілік – өткенді құрметтеумен шектелмейтін, келешек алдындағы міндетті де сезіндіретін қасиет. Адам бойындағы патриотизм мереке күндері көтерілген көңіл-күймен ғана шектелмейді, ұлттық құндылықтарды құрметтеу арқылы айқын көрінеді. Отанды сүю – оның жетістігіне қуанып қана қою емес, кемшілігін түзетуге де атсалысу. Өйткені туған елдің тағдырына бейжай қарамау – азаматтық сананың белгісі. Осындай ойларды ән арқылы жеткізудің де өзіндік мәні бар. Өнер адамға ақыл айтпай-ақ ой салуы мүмкін. Бір әуен жүрекке жол тауып, адамды өзі қадірлейтін құндылықтар туралы толғандырады. Әннің әсері де, бәлкім, осында шығар. Ел туралы әннің қадірі – жұрттың көңілінде туған жерге деген ықыласты жаңғыртып, ортақ мұрат төңірегіне топтастыра алуында.

Бүгінгі ұрпақтың алдында да үлкен міндет тұр. Ол – тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау, білім мен еңбекті бағалау, ел ішіндегі татулықты нығайту, Қазақстанның дамуына өз үлесін қосу. Жаһандық өзгерістер заманында ұлттық болмысты сақтау мен заман талабына сай өркендету қатар жүруі керек. Өйткені тамырынан ажырамаған ел ғана келешекке нық қадам басады. Ал елдің тамыры – оның тарихында, мәдениетінде, тілі мен дәстүрінде, ең бастысы, сол құндылықтарды қадірлейтін азаматтарының жүрегінде. Республика күні әрқайсымызға осыны еске салады. Тәуелсіз елдің азаматы болу – мақтаныш қана емес, жауапкершілік. Бүгінгі тыныштық пен тұрақтылықтың, еркін еңбек етіп, білім алуға берілген мүмкіндіктің қадірін білу де елдік сананың бір көрінісі.

Елім деп соқсын жүрегің» деген атау да осы бір ақиқатты аңғартқандай. Жүрек ел деп соқса, адамның ниеті де, ісі де туған жердің игілігіне бағытталуы керек. Өйткені елге деген сүйіспеншілік – өткінші сезім емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын қасиетті аманат. Оны сақтау да, қадірін арттыру да әр азаматтың қолында.

Алматы облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінің шекаралары, аумақтық және округтік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы

ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 15-1-бабының 3-тармағына, 22-бабының 2-1-тармағына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/98 «Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес Алматы облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінің шекаралары, округтік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы хабарлаймыз:

№ 1 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Д. Қонаев көшесі, 190А, Өнер мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Балқаш ауданы кіреді.

Комиссия төрағасы – Садықбаев Данияр Сұлтанұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Абдрахманов Данияр Абдыманатұлы

Комиссия хатшысы – Мешітбаева Венера Жолбайқызы

Комиссия мүшелері: Тілеужанова Дариға Құрманбекқызы, Нагашалин Бауыржан Альбекович, Диханбаев Нурсултан Ғалымбекұлы, Қасым Таңшолпан Қасымқызы.

№ 2 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қонаев қаласы, 4-шағынаудан, 62/2, орта мектеп-гимназиясы.

Сайлау округінің шекарасына Қонаев қаласы кіреді.

Комиссия төрағасы – Куздеубаева Эльмира Қамбарқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Нұрбаев Нұрлан Тлекұлы

Комиссия хатшысы – Айтимбетова Гаухар Қанатбекқызы

Комиссия мүшелері: Айтказинова Жанар Кайрбекқызы, Алимханова Жанар Насырқызы, Алдабергенова Аиым Алдабергенқызы, Қабдолла Біржан Қабдоллаұлы.

№ 3 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Алатау қаласы, «Еңбек» шағынауданы, Сарысу көшесі, №41, №7 жайлы мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Алатау қаласы кіреді.

Комиссия төрағасы – Бағбаев Кадыржан Исаханұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жазыбаев Меиршат Ерболұлы

Комиссия хатшысы – Баймухамбет Қуаныш Серікұлы

Комиссия мүшелері: Хойлан Әлия, Татарова Әсия Латифқызы, Алиаскарова Айымгүл Мендибайқызы, Нұрғазы Ғалымжан Жеңісұлы.

№ 4 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Іле ауданы, М. Түймебаев ауылы, Алматы көшесі, №189А, №20 орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Іле ауданының Ақсай, Ащыбұлақ, Байкент, Күрті, А.Токпанов ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Сыдықбаева Гүлбосын Нурмуханқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Төребекова Саяш Мәдіқызы

Комиссия хатшысы – Рабилова Айнұр Азатқызы

Комиссия мүшелері: Алтынбекова Ақжаркын Даулетжанқызы, Буембаева Гүлім Съезбекқызы.

№ 5 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Іле ауданы, Қараой ауылы, Қаратал көшесі № 50, №49 орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Іле ауданының Өтеген батыр, Байсерке, Қараой ауылдық округтері, Боралдай кенті кіреді.

Комиссия төрағасы – Байдаулетов Әлібек Әубакірұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Оскенбаева Меруерт Асанбаевна

Комиссия хатшысы – Мусабекова Кымбат Еркінқызы

Комиссия мүшелері: Смагулова Жулдыз Маратовна, Әліпбаева Динара Серіккызы

№ 6 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 53, Жамбыл ауданының Мәдениет үйі.

Сайлау округінің шекарасына Жамбыл ауданының Ұзынағаш, Жамбыл, Қарасу, Қаракастек, Талап, Аққайнар, Шиен ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Асубаева Гүлзада Советханқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ешетов Ғабит Серіккұлұлы

Комиссия хатшысы – Ахмет Айдана Бейсенқызы

Комиссия мүшелері: Альжанова Ольга Александровна, Дюсебаева Динара Дюсюханқызы.

№ 7 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Досымбетов көшесі, 4Б, №3 Қарғалы орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Жамбыл ауданының Қарғалы, Ақсеңгір, Таран, Дегерес, Самсы, Үлгілі, Беріктас, Ақтерек, Мәтібұлақ, Шолаққарғалы, Мынбаев, Үңгіртас, Үлкен, Айдарлы, Бозой, Сарытауқум, Теміржол ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Асқарова Гүлзат Жомартовна

Комиссия төрағасының орынбасары – Мұхаметжан Ермухамет Еділұлы

Комиссия хатшысы – Тастанкулова Сайраш Серикболқызы

Комиссия мүшелері: Абдушукурова Жанар Муратқызы, Тойжанова Динара Абдикаримқызы.

№ 8 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Н.Гоголь көшесі, 44, Абай атындағы мектеп-гимназиясы.

Сайлау округінің шекарасына Қарасай ауданының Қаскелең қаласы, Айтей, Бірінші Май, Жандосов ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Абдраманова Амина Мадиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Айткенова Маржан Мурзахметқызы

Комиссия хатшысы – Алекбарова Айнұр Нятуллақызы

Комиссия мүшелері: Иманбекова Әсел Туражанқызы, Абдулова Алуа Асқарқызы.

№ 9 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қарасай ауданы, Жібек жолы ауылы, Дүйсеков көшесі, 121А, Жібек жолы ауылының Мәдениет үйі.

Сайлау округінің шекарасына Қарасай ауданының Жібек жолы, Шамалған, Жамбыл, Елтай ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Қайнарбаева Гүлмира Багашарқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ермахашова Гүлмира Бахытқызы

Комиссия хатшысы – Миргалиева Мадина Миргалиқызы

Комиссия мүшелері: Асқарбаева Аяулым Қанатқызы, Жетпісбаева Ақмарал Ерхатқызы.

№ 10 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, Д.Қонаев көшесі, №80, Іргелі ауылының Мәдениет үйі.

Сайлау округінің шекарасына Қарасай ауданының Іргелі, Райымбек, Ұмтыл ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Нусіпова Ғазиза Қанатқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Апсаматов Өміржан Абдижадилұлы

Комиссия хатшысы – Темиралиев Еркін Ахметұлы

Комиссия мүшелері: Иманқұл Айдана Елдарқызы, Бауржанов Ринат Бауржанұлы.

№ 11 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 19А, ХҚКО ғимараты.

Сайлау округінің шекарасына Кеген ауданы кіреді.

Комиссия төрағасы – Атабай Әлішер Түлешұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Молдабаев Болат Сағатбекұлы

Комиссия хатшысы – Еркежан Нұрмаманқызы

Комиссия мүшелері: Акимбекова Фарида Аскарбекқызы, Мусақызы Шырын, Нургожаева Бакыткүл Айболқызы, Сағынбеков Нұрман Сарсебекұлы.

№ 12 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Талғар ауданы, Талғар қаласы, Ғ.Мүсірепов көшесі, №57, №7 орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Талғар ауданының Талғар қаласы, Алатау ауылдық округі кіреді.

Комиссия төрағасы – Уали Азат Аубакірұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қасымбаев Ерғалым Накенұлы

Комиссия хатшысы – Ордабаева Жанар Жарылқасынқызы

Комиссия мүшелері: Баржикбаева Нұргүл Елтайқызы, Оспанкулова Сауле Арундрашитқызы.

№ 13 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Талғар ауданы, Белбұлақ ауылы, С.Әлиев көшесі, №54, №32 орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Талғар ауданының Белбұлақ, Бесағаш, Тұздыбастау, Бескайнар, Гүлдала ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Тыштыбаев Айбек Қанатұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Керимбекова Меруерт Қасымбекқызы Комиссия хатшысы Мырзаханов Нурбахыт Рахимбекұлы

Комиссия мүшелері: Құрманова Динара Амангельдіқызы, Жумабекова Динара Мырзағалиқызы.

№ 14 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Талғар ауданы, Кеңдала ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №2, №42 орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Талғар ауданының Кеңдала, Панфилов, Қайнар, Нұра ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Байсултанова Дария Созакбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Абдыкадырова Әлия Айтмырзанқызы

Комиссия хатшысы – Күлсейтов Ермек Турсынжанқызы

Комиссия мүшелері: Жакашбаева Жанар Байманапқызы, Нусипжанова Рысбала Мелсқызы.

№ 15 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Абай көшесі, 318, Еңбекшіқазақ аудандық Мәдениет үйі.

Сайлау округінің шекарасына Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласы, Ават, Бөлек, Байтерек, Жаңашар, Көктөбе, Саймасай ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Жұмаділова Айгерім Әбілсейітқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Бурабаева Гүлмира Адильбайқызы

Комиссия хатшысы – Малгаждарова Жанар Кушанқызы

Комиссия мүшелері: Бегимов Темирхан Бадирадинұлы, Рабатова Анеля Серіккызы.

№ 16 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйдібек би ауылы, Балағозов көшесі, 2А, Н.Островский атындағы орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Еңбекшіқазақ ауданының Бәйдібек би, Ақши, Балтабай, Қаракемер, Қырбалтабай, Рахат, Ташкенсаз, Түрген ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Тасиров Талғат Ракимұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Рахметуллаева Бахытгүл Қадыркызы

Комиссия хатшысы – Нусипова Куралай Турсынқызы

Комиссия мүшелері: Ахметова Айгүл Мұратбекқызы, Жалтанбаева Индира Серікбайқызы.

№ 17 сайлау округі

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Қабылов көшесі, 2, Абай атындағы орта мектебі.

Сайлау округінің шекарасына Еңбекшіқазақ ауданының Шелек, Асы, Бартоғай, Қазақстан, Қаражота, Қаратұрық, Қорам, Масақ, Малыбай, Сөгеті, Тескенсу ауылдық округтері кіреді.

Комиссия төрағасы – Бекқожа Сағымбек Бөрібайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Құрманиязов Талғат Данияруұлы

Комиссия хатшысы – Нургазиева Жанат Ермекқызы

Комиссия мүшелері: Қаскабасова Назерке Рахимжанқызы, Шаймұханбет Ұлпан Серіккызы.

№ 18 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, №17, ХҚКО-ның ескі ғимараты.

Сайлау округінің шекарасына Райымбек ауданы кіреді.

Комиссия төрағасы – Сатылғанов Самат Нақысбекұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жантаева Мадина Жантайқызы

Комиссия хатшысы – Жанахметова Алима Ибрайқызы

Комиссия мүшелері: Әдепбаева Гүлбану Ақмолдақызы, Әділдақан Гүлзат Дәуренқызы, Дегенбаева Эльвира Турсынбайқызы, Саретбаев Ғабит Болатұлы.

№ 19 сайлау округі

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Ж.Құдайбергенов көшесі, 60, Ұйғыр ауданы бойынша Кірістер басқармасының №2 ғимараты.

Сайлау округінің шекарасына Ұйғыр ауданы кіреді.

Комиссия төрағасы – Манапов Есбол Савутұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Сартолов Қанат Әбілжанұлы

Комиссия хатшысы – Мақсатов Руслан Майданұлы

Комиссия мүшелері Джапарова Сяням Шукуркызы, Жамалдинов Марат Гуламдунұлы, Максимова Махпал Эльмуратқызы, Насыров Мырзабек Алимжанұлы.

Комиссиялардың жұмыс кестесі: сағат 08:00-ден 17:30-ға дейін, үзіліссіз.

Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

о границах одномандатных территориальных избирательных округов, составе, месте нахождения территориальных и окружных избирательных комиссий по выборам депутатов Алматинского областного маслихата

В соответствии с пунктом 3 статьи 15-1, пунктом 2-1 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» с постановлением Центральной комиссии избирательной Республики Казахстан от 13 октября 2026 года № 60/98 «О назначении внеочередных выборов депутатов маслихатов Республики Казахстан» сообщаем о границах одномандатных территориальных избирательных округов, составе, месте нахождения окружных избирательных комиссий по выборам депутатов Алматинского областного маслихата:

Избирательный округ № 1

Местонахождение территориальной избирательной комиссии: Балхашский район, село Баканас, улица Д.Конаева, 190А, Детская школа искусств.

В границы избирательного округа входит Балхашский район.

Председатель комиссии – Садыкбаев Данияр Султанович

Заместитель председателя комиссии – Абдрахманов Данияр Абдыманатович

Секретарь комиссии – Мешитбаева Венера Жолбаевна

Члены комиссии – Тилеужанова Дарига Курманбековна, Нагашалин Бауыржан Альбекович, Диханбаев Нурсултан Ғалымбекұлы, Қасым Таңшолпан Қасымқызы.

Избирательный округ № 2

Местонахождение территориальной избирательной комиссии: город Конаев, 4 микрорайон, 62/2, средняя школа гимназия.

В границы избирательного округа входит город Қонаев.

Председатель комиссии – Куздеубаева Эльмира Камбаровна

Заместитель председателя комиссии – Нурбаев Нурлан Тлекович

Секретарь комиссии – Айтимбетова Гаухар Канатбековна

Члены комиссии: Айтказинова Жанар Кайрбековна, Алимханова Жанар Насыровна, Алдабергенова Аиым Алдабергеновна, Кабдолла Биржан Кабдоллаевич.

Избирательный округ № 3

Местонахождение территориальной избирательной комиссии: город Алатау, микрорайон «Енбек», улица Сарысу, № 41, комфортная школа №7.

В границы избирательного округа входит город Алатау.

Председатель комиссии – Багбаев Кадыржан Исаханович

Заместитель председателя комиссии – Жазыбаев Меиршат Ерболович

Секретарь комиссии – Баймухамбет Куаныш Серікұлы

Члены комиссии: Хойлан Алия, Татарова Асия Латифовна, Алиаскарова Айымгуль Мендибаевна, Нұрғазы Ғалымжан Женісұлы.

Избирательный округ № 4

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Илийский район, село М.Туймебаева, улица Алматинская № 189 А, средняя школа № 20.

В границы избирательного округа входят: Аксайский, Ашибулакский, Байкентский, Куртинский сельские округа, сельский округ А.Токпанов Илийского района.

Председатель комиссии – Сыдыкбаева Гульбосын Нурмухановна

Заместитель председателя комиссии – Торебекова Саяш Мәдіқызы

Секретарь комиссии – Рабилова Айнұр Азатқызы

Члены комиссии: Алтынбекова Акжаркын Даулетжановна, Буембаева Гулим Съезбекқызы.

Избирательный округ № 5

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Илийский район, село Караой, улица Каратал №50, средняя школа № 49.

В границы избирательного округа входят: сельский округ Өтеген батыр, Байсеркинский, Қараойский сельские округа, поселок Боралдай Илийского района.

Председатель комиссии – Байдаулетов Алибек Аубакирович

Заместитель председателя комиссии – Оскенбаева Меруерт Асанбаевна

Секретарь комиссии – Мусабекова Кымбат Еркінқызы

Члены комиссии: Смагулова Жулдыз Маратовна, Әліпбаева Динара Серіккызы.

Избирательный округ № 6

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Жамбылский район, село Узынагаш, улица Абая, 53, Дом культуры Жамбылского района.

В границы избирательного округа входят: Узынагашский, Жамбылский, Карасуский, Каракастекский, Талапский, Аккайнарский, Шиенский сельские округа Жамбылского района.

Председатель комиссии – Асубаева Гульзада Советхановна

Заместитель председателя комиссии – Ешетов Габит Сериккулович

Секретарь комиссии – Ахмет Айдана Бейсенқызы

Члены комиссии: Альжанова Ольга Александровна, Дюсебаева Динара Дюсюхановна.

Избирательный округ № 7

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Жамбылский район, село Каргалы, улица Досымбетова 4б, Каргалинская средняя школа №3.

В границы избирательного округа входят: Каргалинский, Аксенгерский, Таранский, Дегересский, Самсинский, Ульгулинский, Бериктасский, Актерекский, Матибулакский, Шолаккаргалинский, Мынбаевский, Унгуртасский, Улькенский, Айдарлинский, Бозойский, Сарытаукумский, Темиржолский сельские округа Жамбылского района.

Председатель комиссии – Асқарова Гүлзат Жомартовна

Заместитель председателя комиссии – Мұхаметжан Ермухамет Еділұлы

Секретарь комиссии – Тастанкулова Сайраш Серикболовна

Члены комиссии: Абдушукурова Жанар Муратовна, Тойжанова Динара Абдикаримовна.

Избирательный округ № 8

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Карасайский район, город Каскелен, улица Н.Гоголя, 44, средняя школа гимназия имени Абая.

В границы избирательного округа входят: город Каскелен, Айтейский, Первомайский, Жандосовский сельские округа Карасайского района.

Председатель комиссии – Абдраманова Амина Мадиевна

Заместитель председателя комиссии – Айткенова Маржан Мурзахметовна

Секретарь комиссии – Алекбарова Айнур Нятуллаевна

Члены комиссии: Иманбекова Асель Туражановна, Абдулова Алуа Асқарқызы.

Избирательный округ № 9

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Карасайский район, село Жибек жолы, улица Дуйсекова 121А, Дом культуры села Жибек жолы.

В границы избирательного округа входят: сельский округ Жибек жолы, Шамалганский, Жамбылский, Елтайский сельские округа Карасайского района.

Председатель комиссии – Кайнарбаева Гулмира Багашаровна

Заместитель председателя комиссии – Ермахашова Гулмира Бахытовна

Секретарь комиссии – Миргалиева Мадина Миргалиевна

Члены комиссии: Асқарбаева Аяулым Қанатқызы, Жетпісбаева Ақмарал Ерхатқызы.

Избирательный округ № 10

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Карасайский район, село Иргели, улица Д.Қонаева, №80, Дом культуры села Иргели.

В границы избирательного округа входят: Иргелинский, Райымбекский, Умтылский сельские округа Карасайского района.

Председатель комиссии – Нусипова Газиза Канатовна

Заместитель председателя комиссии – Апсаматов Өміржан Абдижадилович

Секретарь комиссии – Темиралиев Еркин Ахметович

Члены комиссии: Иманқұл Айдана Елдарқызы, Бауржанов Ринат Бауржанович.

Избирательный округ № 11

Местонахождение территориальной избирательной комиссии: Кегенский район, село Кеген, улица Б.Момышулы, 19а.

В границы избирательного округа входит Кегенский район.

Председатель комиссии – Атабай Әлішер Түлешұлы

Заместитель председателя комиссии – Молдабаев Болат Сагатбекович

Секретарь комиссии – Еркежан Нұрмаманқызы

Члены комиссии: Акимбекова Фарида Аскарбековна, Мусақызы Шырын, Нургожаева Бакыткул Айболовна, Сагинбеков Нурман Сарсебекович.

Избирательный округ № 12

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Талгарский район, город Талгар, улица Г. Мусрепова № 57, средняя школа №7.

В границы избирательного округа входят: город Талгар, Алатауский сельский округ Талгарского района.

Председатель комиссии – Уали Азат Аубакірұлы

Заместитель председателя комиссии – Касымбаев Ергалым Накенович

Секретарь комиссии – Ордабаева Жанар Жарылкасыновна

Члены комиссии: Баржикбаева Нургуль Ельтаевна, Оспанкулова Сауле Арундрашитовна.

Избирательный округ № 13

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Талгарский район, село Белбулак, улица С. Алиева № 54, средняя школа №32.

В границы избирательного округа входят: Белбулакский, Туздыбастауский, Бесагашский, Бескайнарский, Гулдалинский сельские округа Талгарского района.

Председатель комиссии – Тыштыбаев Айбек Канатович

Заместитель председателя комиссии – Керимбекова Меруерт Касымбековна

Секретарь комиссии – Мырзаханов Нурбахыт Рахимбекович

Члены комиссии: Курманова Динара Амангельдиевна, Жумабекова Динара Мырзагалиевна.

Избирательный округ № 14

Местонахождение окружной избирательной комиссии: Талгарский район, село Кендала, улица Кабанбай батыра № 2, средняя школа №42.

В границы избирательного округа входят: Кендалинский, Панфиловский, Кайнарский, Нуринский сельские округа Талгарского района.

Председатель комиссии – Байсултанова Дария Созакбаевна

Заместитель председателя комиссии – Абдыкадырова Алия Айтмырзановна

Секретарь комиссии – Кулсейтов Ермек Турсынжанович

